

Наурыз мейрамы мерекесіне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы

Күші жойған

Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 28 наурыздағы № 9/2-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 сәуірде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 720 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 маусымдағы № 35/4-V шешімімен

Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2012.06.06 № 35/4-V (қабылданған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 9, 20-бабтарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес Астана қаласының мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Наурыз мейрамы мерекесіне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

		Астана қаласы мәслихаты	
сессиясының төрағасы		А. Байгенжин	
		Астана қаласы мәслихатының	
хатшысы		С. Есілов	
Астана		қаласы мәслихатының	
2012	жылғы	28	наурыздағы
№	9 / 2 - V	шешіміне	
қосымша			

Наурыз мейрамы мерекесіне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ЕРЕЖЕСІ

Осы Наурыз мейрамы мерекесіне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 9, 20-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Наурыз мейрамы мерекесіне мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету (бұдан әрі – Әлеуметтік көмек) Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға көрсетіледі.

2. Астана қаласының бюджеті Әлеуметтік көмекті қаржыландыру көзі болып т а б ы л а д ы .

3. Әлеуметтік көмек «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі әкімшісі (бұдан әрі – Әкімші) болып табылатын «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер» бюджеттік бағдарламасына сәйкес және қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қ а р а ж а т ш е г і н д е ұ с ы н ы л а д ы .

4. Әлеуметтік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы » Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Астана қалалық филиалы (бұдан әрі – МЗТО) Әкімшіге МЗТО деректер қорында тіркелген Ереженің 5-тармағы 1-7) тармақшасында көрсетілген санаттарға жататын азаматтар туралы мәліметтерді ұсынады.

2-тарау. Әлеуметтік көмек төлеу тәртібі

5. Әлеуметтік көмек 5000 (бес мың) теңге көлемінде ақшалай төлемдер түрінде мынадай азаматтардың санаттарына:

1) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызмет міндеттерін) атқару кезінде жаралану, контузия алу немесе зақымдану нәтижесінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері мен соларға теңестірілген адамдардың отбасы;

2) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы;

3) бұрынғы КСР Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы;

4) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы;

5) бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы;

6) Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы;

7) Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы беріледі.

6. Әлеуметтік көмектің сомаларын төлеу ақшалай қаражатты Астана қаласының екінші деңгейдегі банктер бөлімшелері арқылы алушылардың дербес шоттары немесе карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.